«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»

# БҰЙРЫҚ

29.08.2025
Жезқазған қаласы

# ПРИКАЗ

№ 316-н
город Жезказган

**Ұлытау облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы № 598 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұлытау облысының білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) Ұлытау облысының білім беру ұйымдарында 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны жас ерекшеліктеріне 6(7)-10 жас - ҚҚС қоса **707** теңге, 11-14 жас- ҚҚС қоса **773** теңге және 15-18 жас – ҚҚС қоса **845** теңге болып *қосымшаға* сәйкес бекітілсін.

2) Білім беру ұйымдарында Ұлытау облысының Денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 31 шілдедегі №137 «2025-2026 оқу жылына арналған перспективалы мектеп мәзірін бекіту туралы» бұйрығы жұмыста қолдансын.

3) Білім беру ұйымдарында балалардың жасы мен физиологиялық қажеттіліктеріне сай бекітілген тамақтану стандартына сәйкес толыққанды және құнарлы тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшының м.а.** **М.Туребеков**

**003000**

**Келісілді:**

| | | |
|---|---|---|
| Мунсузбаева Айгуль Тулеухановна | «Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ басшысының орынбасары | |
| Мадигулов Едил Адилович | «Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ Бюджеттік жоспарлау, бухгалтерлік есеп және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы | |
| Айжанова Салтанат Дюсембековна | «Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру және тәрбие бөлімінің басшысы | |

ГУ "Отдел образования города Сатпаев" Управления образования области Ұлытау\Акишбеков Б.